

Университетте интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi аймағын қамту), компьютерлік ресурстарға қолжетімділікпен қанағаттану тұрғысынан білім алушылар мен ОПҚ-ға жеке, егжей-тегжейлі жүргізілген анонимді сауалнама нәтижелері

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінің сыртқы сараптау комиссиясының университеттің білім сапасын одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсынымдарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына сай, 2024 жылдың ақпан айында университеттің әрбір корпусында қолда бар интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi аймағын қамту), компьютерлік ресурстарға қолжетімділікпен қанағаттану тұрғысынан білім алушылар мен ОПҚ-ға жеке, егжей-тегжейлі анонимді сауалнама жүргізілген болатын.

Зерттеу міндеттері:

- Университетте заманауи ақпараттық технологияларға қол жетімділік деңгейіне қанағаттану (компьютерде жұмыс істеу, Интернет ресурстарын пайдалану мүмкіндігі);
- Университетте интернетке қосылған компьютерге / ноутбукке кіру қажеттігі;
- Университетте Интернетке қосылған компьютерлерге/ноутбуктерге қол жетімділік;
- Білім алатын оқу ғимаратының сымсыз байланыс желілері (Wi-Fi) жүйесімен толық қамтамасыз етілуі;
- Білім беру мекемесіндегі заманауи ақпараттық технологияларға (компьютерде жұмыс істеу мүмкіндігі, интернет ресурстарын пайдалану) қолжетімділік деңгейін бағалау;
- Сымсыз байланыс желілері (Wi-Fi) жүйесі арқылы оқу ғимаратында ақпараттық ресурстарға еркін қол жеткізу көрсеткіштері;
- Университеттегі сымсыз байланыс желілері (Wi-Fi) жүйесі арқылы байланыс сапасын бағалау;
- Гуманитарлық-педагогикалық институт бойынша қолда бар интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi), компьютерлік ресурстарға қолжетімділіктің ең өзекті мәселелері.

Зерттеу объектісі: университеттің 5 институтының білім алушылары.

Зерттеу жүргізілген уақыты: 2024 жыл

Зерттеу іріктемесі:

		Білім алушы	ОПҚ	Барлығы	
				бірі	%
1	Педагогика және дәстүрлі өнер институты	205	46	251	18,5
2	Жаратылыстану институты	423	7	430	31,6
3	Гуманитарлық-педагогикалық институты	197	17	214	15,7
4	Экономика және құқық институты	206	43	249	18,3
5	Инженерлік-технологиялық институт	206	10	216	15,9
	Барлығы	1237	123	1360	100

Зерттеу барысында қолданылған әдіс:

Сауалнама «face to face» әдісі арқылы жүргізілді. Сұраудың әдістемесі респонденттен жоғарғы дәрежедегі дәлдікпен үлкен көлемде ақпараттар алуға мүмкіндік береді. Зерттелетін сұрақтар жекеленген интервью кезінде едәуір толық ашылады. Жеке сұрауды кәсіби мамандаған интервьюерлер үшінші адамның қатысуынсыз жүргізіледі.

Респонденттерден сұрау процесі арқылы алынған мәліметтер статистикалық өңдеу мен талдаудан өтеді. Тапсырыс берушіге сұраудың нәтижесі бойынша зерттеу сауалнамасының сұрақтарына жауап берген респонденттердің жауаптары график және кестелер түрінде бөлінген есеп түрінде беріледі.

Зерттеу барысында қолданылған әдістеме:

Зерттеудің міндеттеріне сәйкес құрастырылған 35 сұрақтан тұратын стандартты сауалнама.

Зерттеу жүргізу барысында қолданылған сауалнама ақпараттық-сараптама жұмыстары бойынша қызмет көрсету тобының мамандарымен құрастырылған. Сауалнама арнайы дайындықтан өткен жеке сұхбат алушымен бірге толтырылатындықтан алғашқы әлеуметтік мәліметтердің толықтығын және нақтылық процесін көтеруге мүмкіндік береді.

Сауалнама нәтижелері бойынша қолда бар интернет-ресурстардың сапасымен (оның ішінде WiFi), компьютерлік ресурстарға қолжетімділіктің ең өзекті мәселелері

- Университетте заманауи ақпараттық технологияларға қол жетімділік деңгейін арттыру (компьютерде жұмыс істеу, Интернет ресурстарын пайдалану мүмкіндігі)
- Оқыту әдістерін компьютерлендіру
- Университеттегі сымсыз байланыс желілері (Wi-Fi) жүйесі арқылы байланыс сапасын арттыру
- Университеттің ақпараттық инфрақұрылымын жетілдіру
- Ақпараттық интернет ресурстарын дамыту
- Кең жолақты интернетпен қамтамасыз ету
- Қабылдау науқанын ұйымдастыруда жаңа технологияларды енгізу
- Білім беру процесін ақпараттық технологиялық қамтамасыз ету